Меңгеруші жанындағы кеңес №1 хаттамасы
Тақырыбы: «Тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, балалардың құқықтарын қорғау және кәмелетке толмағандарға қатыгездік көрсету жағдайларының алдын алу»
Күні: «03» қыркүйек 2026 жыл
Қатысушылар: педагогтер, тәрбиешілер, тәрбиеші көмекшілері,медицина қызметкері, әкімшілік өкілдері

КҮН ТӘРТІБІ

1. Білім беру процесін жүзеге асыру барысында педагог қызметкерлердің педагог әдеп нормаларын, лауазымдық міндеттерін және қолданыстағы заңнама талаптарын сақтауына жеке бақылауды күшейту.
2. Педагог қызметкерлері мен тәрбиешілердің көмекшілерімен тәрбиеленушілердің өмірі мен денсаулығын қамтамасыз ету мәселелері бойынша жоспардан тыс нұсқамалар өткізу.
3. Ұжым арасында ҚР «Педагог мәртебесі туралы» Заңының, ҚР «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» заңының, Педагогикалық әдеп кодексінің және өзге де нормативтік-құқықтық актілердің талаптарын сақтау бойынша түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру.
4. Білім беру процесін ұйымдастыруға, балаларды қарау мен күтіп-баптау сапасына, тәрбиеленушілердің мектепке дейінгі ұйымда болу уақытындағы қауіпсіздік талаптарының сақталуына тұрақты бақылау жүргізу.
5. Бейнебақылау жүйелерінің жұмыс істеуін күшейту, бейнежазбалардың белгіленген мерзімде сақталуын және олардың тиісті мақсатта пайдаланылуын қамтамасыз ету.
6. Тәрбиеленушілердің жарақат алу жағдайлары, жанжалдар, сондай-ақ балалардың өміріне, денсаулығына және қауіпсіздігіне қатысты өзге де оқиғалар туралы ұйым басшысына дереу хабарлау.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ БАРЫСЫ

1. Педагогикалық кеңесті ашу
Меңгеруші сөз алды:
Құрметті әріптестер!
Бүгінгі педагогикалық кеңесіміздің негізгі мақсаты – мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбиеленушілердің өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету, балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, педагогтер мен қызметкерлер тарапынан әдеп нормаларының сақталуын қамтамасыз ету және балаларға қатысты қатыгез қарым-қатынастың алдын алу.
Баланың қауіпсіздігі – кез келген білім беру ұйымының басты міндеттерінің бірі. Әрбір тәрбиеленуші ұйым қабырғасында өзін қауіпсіз, қорғалған және құрметтелген сезінуі тиіс.
Осыған байланысты бүгін біз педагогтердің кәсіби жауапкершілігін, педагогикалық әдеп талаптарын, балалармен қарым-қатынас мәдениетін,

Scanned with CamScanner

қауіпсіздік шараларын және төтенше жағдайлар кезінде әрекет ету тәртібін қарастырамыз.
Педагогикалық кеңес ашық деп жарияланады.

1. БІРІНШІ МӘСЕЛЕ

«Педагог қызметкерлердің педагогикалық әдеп нормаларын, лауазымдық міндеттерін және қолданыстағы заңнама талаптарын сақтауын күшейту туралы»

Баяндамашы сөзі: Әдіскер

Құрметті әріптестер!

Мектепке дейінгі ұйымдағы әрбір қызметкердің негізгі міндеті – тәрбиеленушінің өмірі мен денсаулығын қорғау, оның қадір-қасиетін құрметтеу және қауіпсіз орта қалыптастыру.

Педагог баламен сөйлескен кезде дауыс көтермеуі, кемсітуге, қорқытуға, намысына тиетін сөздер айтуға, күш қолдануға және психологиялық қысым көрсетуге жол бермеуі қажет.

Баланың тәртібіне байланысты қандай да бір қиын жағдай туындаған кезде педагог мәселені сабырлылықпен, педагогикалық тұрғыдан дұрыс шешуі тиіс.

Педагогикалық әдептің негізгі талаптары:

- баланың жеке басын құрметтеу;
- тәрбиеленушінің ар-намысы мен қадір-қасиетін қорғау;
- балаға қатысты дөрекілік пен кемсітушілікке жол бермеу;
- педагогикалық этика нормаларын сақтау;
- қызметтік міндеттерді сапалы орындау;
- ата-аналармен және әріптестермен дұрыс қарым-қатынас жасау;
- баланың қауіпсіздігіне қауіп төндіретін жағдайларға немқұрайлы қарамау.

Әрбір педагог өз әрекетіне жеке жауапты екенін түсінуі қажет.

Тораға:

Баяндамашыға рақмет.

Әріптестер, балалармен күнделікті жұмыс барысында педагогтің әрбір сөзі мен әрекеті маңызды. Сондықтан педагогикалық әдеп талаптарын сақтау тек құжат жүзінде емес, күнделікті жұмысымыздың негізгі қағидасы болуы тиіс.

Талқылауға:

- тәрбиешілердің ұсыныстары;
- педагог-психологтың пікірі;
- әдіскердің ұсыныстары.

2. ЕКІНШІ МӘСЕЛЕ

«Тәрбиеленушілердің өмірі мен денсаулығын қамтамасыз ету бойынша жоспардан тыс нұсқама өткізу»

Баяндамашы:

Құрметті әріптестер!

Scanned with CamScanner

Тәрбиеленушілердің өмірі мен денсаулығына жауапкершілік тек тәрбиешіге ғана емес, баламен жұмыс істейтін барлық қызметкерге жүктеледі.
Осыған байланысты педагогтер мен тәрбиеші көмекшілеріне жоспардан тыс нұсқама жүргізіледі.
Нұсқама барысында қаралатын мәселелер:

1. Балаларды қабылдау және ата-аналарына беру тәртібі.
2. Топтағы балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету.
3. Серуендеу кезінде балаларды бақылау.
4. Балаларды қараусыз қалдырмау.
5. Тамақтану кезінде қауіпсіздік шараларын сақтау.
6. Ұйқы уақытында балаларды бақылау.
7. Ойын алаңдарындағы қауіпсіздік.
8. Бөлмелердің санитарлық және қауіпсіздік жағдайы.
9. Жарақат алған жағдайда алғашқы әрекеттер.
10. Бала жоғалған немесе қараусыз қалған жағдайда әрекет ету алгоритмі.
11. Жанжал туындаған жағдайда педагогтің әрекеті.
12. Баланың денсаулығына байланысты өзгерістерді уақытылы анықтау және медицина қызметкеріне хабарлау.
13. Кез келген төтенше жағдай туралы ұйым басшылығына дереу хабарлау.

Төраға: меңгеруші
Нұсқамадан кейін барлық қызметкер нұсқама журналында тиісті белгі қойып, қол қоюы қажет.

3. ҮШІНШІ МӘСЕЛЕ

«Балалардың құқықтарын қорғау және педагогикалық әдеп талаптарын сақтау бойынша түсіндіру жұмыстары»
Баяндамашы:
Құрметті әріптестер!
Баланың құқықтарын қорғау – педагогикалық ұжымның ортақ міндеті.
Осы бағытта ұжымға Қазақстан Республикасының:

- «Педагог мәртебесі туралы» Заңы;
- бала құқықтарын қорғауға қатысты заңнамалық талаптар;
- Педагогикалық әдеп кодексі;
- білім беру саласындағы нормативтік-құқықтық актілер;
- тәрбиеленушілердің өмірі мен денсаулығын қорғауға бағытталған ішкі тәртіп қағидалары

бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізіледі.
Педагогтер балаларға қатысты кез келген зорлық-зомбылықтың, кемсітудің, қорлаудың, психологиялық қысымның және немқұрайлылықтың алдын алуға міндетті.

Scanned with CamScanner

4. ТӨРТІНШІ МӘСЕЛЕ

«Балалардың қауіпсіздігін және күтіп-баптау сапасын тұрақты бақылау»

Әдіскер:

Білім беру процесін ұйымдастыру барысында балалардың қауіпсіздігі күнделікті бақылауда болуы тиіс.

Осы мақсатта:

- топ бөлмелерінің қауіпсіздігі;
- жиһаздардың жарамдылығы;
- ойыншықтардың қауіпсіздігі;
- санитариялық жағдай;
- ойын алаңының жағдайы;
- балалардың серуендеу кезіндегі қауіпсіздігі;
- тамақтану тәртібі;
- ұйқы кезіндегі бақылау;
- балаларды қабылдау және шығарып салу тәртібі тұрақты тексеріледі.

Әрбір педагог өз тобының қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарауы қажет.

Төраға: меңгеруші

Тексеру нәтижелері бойынша анықталған кемшіліктер уақытылы жойылып, жауапты тұлғалар белгіленуі қажет.

5. БЕСІНШІ МӘСЕЛЕ

«Бейнебақылау жүйесін тиімді пайдалану»

Жауапты тұлға: шаруашылық меңгерушісі А.К. Жунисбекова

Бейнебақылау жүйесі тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз етудің қосымша құралы болып табылады.

Осыған байланысты:

1. Бейнебақылау камераларының жарамдылығы тұрақты тексерілсін.
2. Камералардың белгіленген аумақтарды толық қамтуы қамтамасыз етілсін.
3. Бейнежазбалардың белгіленген мерзімде сақталуы бақылауға алынсын.
4. Бейнежазбаларға қолжетімділік тек тиісті өкілеттігі бар тұлғаларға берілсін.
5. Бейнежазбаларды заңсыз таратуға және жеке мақсатта пайдалануға жол берілмесін.
6. Жүйеде ақау анықталған жағдайда жауапты тұлғаға дереу хабарлансын.

Төраға:

Бейнебақылау балаларды бақылаудың жалғыз құралы емес. Ең маңыздысы – педагогтің тікелей бақылауы және өзінің қызметтік міндеттерін жауапкершілікпен орындауы.

6. АЛТЫНШЫ МӘСЕЛЕ

«Жарақат, жанжал және басқа да төтенше жағдайлар кезінде әрекет ету тәртібі»

Баяндамашы: медбике

Scanned with CamScanner

Тәрбиеленуші жарақат алған, жанжал болған немесе баланың өмірі мен денсаулығына қауіп төнген жағдайда қызметкер:
Бірінші: баланың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.
Екінші: қажет болған жағдайда алғашқы көмек көрсетуді ұйымдастырады және медицина қызметкеріне хабарлайды.
Үшінші: ұйым басшысына немесе жауапты тұлғаға дереу хабарлайды.
Төртінші: ата-анасына немесе заңды өкіліне белгіленген тәртіппен хабарлау қамтамасыз етіледі.
Бесінші: оқиғаның мән-жайы анықталып, тиісті құжаттама рәсімделеді.
Ең бастысы – болған оқиғаны жасыруға немесе уақытылы хабарламауға жол бермеу.

7. ҚОРЫТЫНДЫ СӨЗ

Мектепке дейінгі ұйым басшысы:
Құрметті әріптестер! Бүгін біз өте маңызды мәселелерді қарастырдық. Баланың қауіпсіздігі – тек басшының, тәрбиешінің немесе медицина қызметкерінің міндеті емес. Бұл – бүкіл ұжымның ортақ жауапкершілігі. Әрбір қызметкер өз жұмысында «Баланың өмірі мен денсаулығы – басты құндылық» қағидасын басшылыққа алуы тиіс.
Балаға жасалған дұрыс қарым-қатынас оның психологиялық және эмоционалдық дамуына тікелей әсер етеді. Сондықтан біз әр тәрбиеленушіге құрметпен қарап, оның құқықтарын сақтап, қауіпсіз әрі қолайлы орта қалыптастыруымыз қажет.
Кез келген күмәнді немесе қауіпті жағдайды жасырмай, дер кезінде хабарлау – баланың қауіпсіздігін қамтамасыз етудің маңызды шарты.
Осы педагогикалық кеңесте айтылған ұсыныстардың орындалуын барлық жауапты тұлғаларға міндеттеймін.

8. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС ҚАУЛЫСЫ

Педагогикалық кеңес ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:
1. Педагог қызметкерлердің педагогикалық әдеп нормаларын, лауазымдық міндеттерін және қолданыстағы заңнама талаптарын сақтауына жеке бақылау күшейтілсін.
2. Барлық педагог қызметкерлері мен тәрбиеші көмекшілеріне тәрбиеленушілердің өмірі мен денсаулығын қорғау мәселелері бойынша жоспардан тыс нұсқама жүргізілсін.
3. Балалардың құқықтарын қорғау, зорлық-зомбылықтың және қатыгез қарым-қатынастың алдын алу бойынша ұжым арасында түсіндіру жұмыстары тұрақты жүргізілсін.
4. Топ бөлмелерінің, ойын алаңдарының, жиһаздар мен ойын құралдарының қауіпсіздігіне тұрақты бақылау қамтамасыз етілсін.
5. Тәрбиеленушілерді қарау және күтіп-баптау сапасы күнделікті бақылауға алынсын.
6. Бейнебақылау жүйелерінің үздіксіз жұмыс істеуі және бейнежазбалардың белгіленген тәртіппен сақталуы қамтамасыз етілсін.

Scanned with CamScanner

7. Тәрбиеленушілердің жарақаттануы, жанжалдар және олардың өмірі мен денсаулығына қатысты кез келген оқиға туралы ұйым басшысына дереу хабарлау міндеттелсін.
8. Педагогтерге балаларды қараусыз қалдыруға, балаға дауыс көтеруге, қорқытуға, кемсітуге, психологиялық қысым жасауға және күш қолдануға жол берілмейтіні ескертілсін.
9. Әдіскерге педагогтердің қауіпсіздік талаптарын сақтауына мониторинг жүргізу және анықталған кемшіліктер бойынша ұсыныстар енгізу тапсырылсын.
10. Осы қаулының орындалуын бақылау мектепке дейінгі ұйым басшысының/әдіскердің қарауына қалдырылсын.

Меңгеруші жанындағы кеңес төрағасы: Елубайқызы Т
/ Ел /

Хатшы: Берік З / Бер /

Күні: «03» 09 **2026** жыл

Scanned with CamScanner